

## АНЫҚТАМА

«№5 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК-ның қызметінде  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген  
ішкі талдау нәтижелері бойынша

20 қыркүйек 2024 жыл

Атырау қаласы

«№5 Атырау қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының қызметінде (бұдан әрі - Емхана) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары - «Жұмыс тобын құру туралы» 02.09.2024 жылғы №55 н/к бұйрыққа сәйкес келесідей құраммен жүргізілді.

Даулетова Жанар Сериковна - директор орынбасары  
Сырлыбаева Сабина Базарбаевна – бас есепшінің у.м.а.  
Қаденова Мөлдір Мұратқызы - мемлекеттік сатып алу бойынша маман  
Ғалым Әлібек Ғалымұлы - мейіргер ісі жөніндегі менеджер  
Шаухимова Анаргүл Саликовна - персоналды басқару қызметінің маманы  
Кистаубаев Кайрбай Сайнович – компаенс-офицер

**Негіздеме:** «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі Төрағасының 19.10.2016-ғы №12 бұйрығы мен емхана директорының 02.09.2024 жылғы №56 н/к бұйрығы.

**Мақсаты:** Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептердің туындау мүмкіндігін анықтау, зерделеу және олардың салдарларын жою.

**Кезеңі:** 03.01.2024-02.09.2024 жыл.

**Мерзімі:** 02.09.2024-20.09.2024 жыл.

### Талдау бағыты:

1. Емхана қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
2. Емхананың ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

### Талдау объектісі туралы мәлімет

**Толық атауы:** Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасының «№5 Атырау қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны.

**Құрылтайшысы:** Атырау облысының әкімдігі.

**Басқару органы:** «Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасы» ММ.

**Миссиясы:** халық денсаулығын сақтау мен нығайту үшін қолжетімді және сапалы медициналық көмекті көрсету, сондай-ақ азаматтардың денсаулығын сақтау құқығын іске асыруын қамтамасыз ету болып табылады.

**Нормативтік құқықтық актілер:** емхана - өз қызметінде ҚР Конституциясын, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексін, ҚР Азаматтық, Еңбек Кодекстерін, ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

**Орналасқан жері:** 060027, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі 24.

## 1. Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Жүргізілген ішкі талдау барысында емхананың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар, оның ішінде лауазымды тұлғалардың өз қалауы бойынша шешім қабылдауына әсер ететін, жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтарын жүзеге асыруына кедергілер жасауға ықпал ететін ережелер, заңдылықтарды еркін түсіндіру мүмкіндігін тудыратын құқықтық олқылықтар анықталған жоқ.

## 2. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Емхана құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамалық талаптарға сәйкес белгіленеді.

Қазіргі уақытта штаттық саны 323,5. Оның ішінде дәрігерлер саны – 83, орта буын қызметкерлері - 177,5, кіші буын қызметкерлері – 11, өзге де персоналдар – 52.

2024 жылдың өткен кезеңінде 34 қызметкер (оның ішінде электрондық еңбек биржасы арқылы 4 маман) жұмысқа қабылданып, 36 қызметкер жұмыстан босатылған.

2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 103-бабының 2-тармағының 1-тармашасында: жұмыс беруші, бос орындар пайда болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бос орындардың бар-жоғы туралы мәліметтерді электрондық еңбек биржасына еңбек жағдайлары мен төлемін көрсете отырып орналастыруға міндетті - деп көрсетілген.

Бос орындар жөніндегі мәліметтердің электрондық еңбек биржасына толық орналастырылмауы қолданыстағы заңнамаға орай, сыбайлас жемқорлықпен ұштасатын құқық бұзушылықтардың орын алуына ықпал ететін жағдайлардың туындау мүмкіндігіне әкеп соғуы мүмкін.

Аталған мерзім ішінде емхана қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттерге, сондай-ақ әдептілік нормалары мен мінез-құлық қағидаларының талаптарын бұзу жағдайларының орын алуына жол берілмеген.

Бұқаралық ақпарат құралдарында емхана қызметкерлерінің әрекетіне қатысты оның ішінде интернет-ресурстарында, әлеуметтік желілерде, facebook, Instagram парақшаларында сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын сыни немесе жағымсыз материалдар жарық көрмеген.

Емхананың жұмыскерлері мен олардың жұбайларының салық декларацияларын тапсыруы қамтамасыз етілген.

Емхананың ресми сайтына 2 қыркүйек 2024 жылы жүргізілетін ішкі талдау жұмыстары жөніндегі жарияланған хабарландыру бойынша да қандай да бір ақпараттар келіп түспеген.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша жемқорлық тәуекелдігіне шалдыққан тұлғалар, мүдделер қақтығысының, оның ішінде лауазымды тұлғаның жеке мүдделері олардың өз міндеттерін немесе өкілеттіктерін тиісті, объективті және бейтарап орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдайлар және қызметкерлердің үлестес болу фактілері анықталған жоқ.

## **Бюджет қаражаты, мемлекеттік сатып алу рәсімдері**

2024 жылға бюджеттен - 1 739 271 000 теңге қаралып, игерілуде.

Ағымдағы жылы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға 245 468 562,22 теңге қаражат жоспарланып, бүгінгі күні 193 826 406,99 теңгеге келісім-шарт жасакталған.

«

### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі**

Емхана қызметінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі саясат, корпоративтік әдеп және мінез-құлық кодексі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық бекітілген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ұжымдық кездесулер әр тоқсан сайын, 12 наурыз 2024 жылы, 30 мамыр 2024 жылы, 11 маусым 2024 жылы, 25 шілде 2024 жылы тұрақты түрде ұйымдастырылған.

Кездесу барысында қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлықтың профилактикасы мен оған қарсы күрес мәселелері бойынша құқықтық-ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

Комплаенс-менеджері «ISO 37001:2016 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент және комплаенс» циклі бойынша біліктілігін арттыру курсынан өткізілген.

### **ҚОРЫТЫНДЫ:**

- Талдау нәтижесі бойынша «№5 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

### **ҰСЫНЫС:**

- өз құзыреті шегінде емхананың әрбір қызметкері сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, алдын алуға және оған жол бермеуге;
- ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға;
- бюджет қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсауға;
- мемлекеттік сатып алуды рәсімдерін ұйымдастыру барысында заң талаптарын қатаң сақтауға;
- ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау үшін емхананың ресми сайтына орналастыруға.

**Жұмыс тобы**